

оның ішінде Орта жүзде сайлау кезінде жаппай жемқорлық орын алып, қазақтардың арасында бір-біріне деген наразылықтар күшейді. Қазақтардың көші-қон шеңбері тарылды [3.3 , 231 б].

Мақала соңында, 1822-1824 жылғы жарғылардың оң нәтижесіне де тоқталайық. Кіші жүзде басқарушы сұлтандар жанынан шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын іске асыратын қазақ-фельдшері тағайындалды. 1822 жылғы жарғы бойынша округ тұрғындарының балаларын Ресейдің ішкі аумағындағы губернияларға оқуға жіберуге құқық берілді. Бірақ қазақтар балаларының орыстанып кетуі мен шоқынып кетуіне алаңдаушылық білдірді. Орта жүзде әр округте 2 емші жұмыс істей бастады. Тұрақты түрде жұмыс жасайтын ауруханалар пайда болды. Шешек ауруына қарсы егу жұмыстары да көрініс тапты.

Қорыта келе, Ресей империясының XIX ғасырдың 30-жылдары қазақ даласына ішкерілей енуіне байланысты орын алған тарихи процесстер бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылды. Қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясының билігін мойындауы мен дербестігінен айырылуы ұзақ уақытқа созылды әрі күрделі кезеңдерді камтиды. XVIII ғасырдың 90-жылдары бастамасы болған «Игельстром реформасының» сәтсіздігі басқару жүйесін өзгерту процесі аз уақытқа тоқтап қалды. Орынбор және Сібір әкімшілігінің хандық басқару жүйесін өзгерту бойынша дайындаған жарғылары Кіші жүздегі хандық билікті жойып, хандардың қызметін шектеп, олардың орнына жалпыресейлік басқарудың жаңа формасын енгізді. Өлкеде пайда болған жергілікті басқарудың органы - болыстық басқару жүйесі енді тек тікелей Ресей патшасының тағайындауымен жүзеге асырылып отырды. Осылайша XIX ғасырдың 20-жылдары кіші және орта жүзді басқару рулық бөлікке негізделді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Избасарова Г.Б. Казахская степь Оренбургского ведомства как объект реформ: опыт Российской империи по управлению окраиной. - М., 2018. - 9 б.
2. Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Монография. - Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. - 476 с.
3. Зиманов С. Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевского ханство. 2009. 214-231 б.
4. Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. -Алма-Ата, 1992.

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

**Әлім А.Ж., Туkenова Н.К.**

Ғылыми жетекшісі: Ғ.Ғ.М., аға оқытушы Тулегенова. А.Ж.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
[tukenova.nazerke@mail.ru](mailto:tukenova.nazerke@mail.ru)  
Қарағанды қ.

XXI ғасырда білім беру жүйесінің дамуының басты бағыттарының бірі инклюзивті білім беруді енгізу. Инклюзивті білім беру - бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қалыпты дамыған құрдастарымен бірге оқыту процесі. Бұл көптеген дамыған елдерде жемісті нәтиже беріп, балалардың толыққанды дамуына және қоғамға, ортаға бейімделуіне ықпал етуде.

Осы орайда әлемдік білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі - барлық балаларға, олардың дамуындағы ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім алу мүмкіндігін беру болып табылады. Бұл міндет Біріккен Ұлттар Ұйымының «Барлығына білім беру» бағдарламасы [1] және Саламанка декларациясы [2] сияқты халықаралық құжаттарда айқын көрсетілген.

Инклюзивті білім берудің маңыздылығы келесі аспектілерде көрінеді: адам құқықтарын сақтау, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, балалардың жеке әлеуетін толық іске асыру, қоғамда толеранттылық пен өзара құрметті қалыптастыру. Оның негізгі қағидалары:

1. Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес. Әр адам өзінше ерекше!
2. Барлық адам ойлауға және сезінуге қабілетті.
3. Әр адам тыңдалуға және сөйлесуге қабілетті.
4. Шынайы тәрбие тек нақты қатынастар жағдайында жүзеге асырыла алады: барлық адамдар бір-біріне, барлық адамдар құрдастары мен тәлімгерлердің қолдауына және достығына мұқтаж.
5. Әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді [3, 9 б.].

Қазіргі түсініктегі инклюзивті білім берудің даму тарихына тоқталатын болсақ, ол өз бастауын ХІХ ғасырдың соңы - ХХ ғасырдың басынан алады. Сол кезде инклюзивті білім берудің идеялары көптеген ғалымдардың еңбектеріне негізделді. Мысалы, Л.С.Выготскийдің идеясы - ол бала дамуындағы әлеуметтік ортаның рөлін дәлелдеп, ерекше білімді қажет ететін балаларды “төмен қою” арқылы емес, күшті жақтарына сүйене отырып дамыту қажеттігін айтады. Аталған тақырып бойынша құнды еңбектердің бірі - Д. Митчелл зерттеулері. Оның пікірінше, ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы анықтау тек диагностикамен шектелмейді, керісінше, жалпы мектеп жағдайында мұндай оқушылардың сұраныстарын қамтамасыз ете алатын ерекше қолайлы орта қалыптастыруды талап етеді. Инклюзивті білім беруді енгізудің халықаралық тәжірибесін тоқталар болсақ, 1962 жылы АҚШ-та М. Рейнольдс арнайы білім беру бағдарламасын жариялады, онда мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерге қатысуын барынша қамтамасыз ету принципі ұсынылды (мүмкіндігінше қалыпты ортаға енгізу).

1970 жылы американдық ғалым И. Дено ұқсас тұжырымдама - «Каскад» моделін ұсынды. «Каскад» әлеуметтік-педагогикалық шаралар жүйесі ретінде түсіндіріліп, ол мүмкіндігі шектеулі бала мен жалпы білім беретін орта арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге бағытталды.

1975 жылдан бастап АҚШ-та № 94-142 «Мүгедек балаларды оқыту туралы» Заң қабылданып, білім берудегі интеграциялық процестерді заңды деңгейде бекітті. Бұл заң мүмкіндігі шектеулі балалардың мемлекеттік мектептерде тегін білім алу құқығын қамтамасыз етуге бағытталған болатын. АҚШ пен Еуропадағы білім беру саясатының соңғы тарихында тәсілдер жасалды: мектептерді бөліп шығару, білімге қол жетімділікті кеңейту, интеграция, мейнстриминг, инклюзия, қосу.

Мейнстриминг - мүмкіндігі шектеулі студенттердің өз қатарластарымен мереке күндері немесе әртүрлі бос уақыт шаралары барысында араласуы, сөйлесуі. Олар жалпы білім беретін мектепке барса да, бұл негізінен әлеуметтік қарым-қатынасты кеңейтуге жағдай жасайды, алайда ол оқыту мақсатына бағытталмаған. Интеграция (лат. integer - бүтін) - қалпына келтіру, толықтыру, бөліктерді бір тұтасқа біріктіру. Білім берудегі интеграция - ақыл-ойы мен дене мүмкіндіктерінде бұзылуы бар балалардың қажеттіліктерін білім беру жүйесіне үйлестіру, енгізу дегенді білдіреді, алайда жүйенің өзі өзгеріссіз қалады, бейімделмейді.

Инклюзивті білім беру мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысында көптеген елдерде маңызды тақырыпқа айналды. 1994 жылы Испанияның Саламанка қаласында ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды оқыту мәселелеріне арналған Бүкіләлемдік конференция өтті. Бұл конференция жаһандық педагогикалық қауымдастық үшін маңызды оқиға болды.

Конференцияда «Саламанка декларациясы» қабылданып, онда ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды оқыту саласындағы қағидаттар, саясат және практика анықталды. Бұл Декларация инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың негізгі бағыттарын айқындады.

Осы кезеңнен бастап мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелеріне назар біртіндеп күшейе түсті. Қоғамдық деңгейдегі әр түрлі форумдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың қажеттіліктері, олардың құқықтарын кемсітуге жол бермеу, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерге тең қолжетімділік жасау мәселелері жиі қозғала бастады. Мүгедектігі бар тұлғаларға деген көзқарастың өзгеруіндегі басты бағыттардың бірі - қоғамда жаңа, адамгершілікке негізделген ой-тұжырымның қалыптасуы. Яғни мұндай азаматтарды қоғамға ауыртпалық ретінде емес, ерекше қолдауды, жанашырлықты және медициналық көмекті қажет ететін қоғамның толыққанды мүшелері ретінде қарастыру идеясы дами түсті.

2000 жылы Дакар қаласында өткен Білім беру жөніндегі Дүниежүзілік форум барысында Білім берудегі іс-қимылдың Дакар шеңбері (Dakar Framework for Action) қабылданды. Бұл құжат жаңа ғасырдағы білім беру саласының негізгі даму бағыттарын айқындап, Білім берудің мыңжылдық мақсаттарын (Millennium Development Goals on Education) бекітті.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру жүйесін қарастыратын болсақ, Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы мектеп ортасына қосу жұмыстары 2002 жылдан басталды. Сол жылы біздің ел ТМД мемлекеттері ішінде алғаш болып «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» Заң қабылдады [4].

Бұл заңға сәйкес ерекше қажеттілігі бар балаларды ерте жастан оқыту мәселесіне көңіл бөлінді. Балаларды біліммен, әлеуметтік көмекпен және медициналық қызметпен қамтамасыз ету жолдары қарастырылды. Ең маңыздысы - инклюзивті білім берудің негізгі ережелері алғаш рет осы заңда анықталды. Кейін «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім беру туралы нақты айтылды. Бұл бағдарламада инклюзивті оқыту: барлық балалардың тең құқықты болуын қамтамасыз ететіні; оларды ортаға бейімдеп, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға жағдай жасайтыны көрсетілді.

Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғам қалыптастыру саясатын іске асыру және оны құқықтық деңгейде қамтамасыз ету келесі ресми құжаттар негізінде орындалуда: «Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қорғау және өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған ұлттық бағдарлама»; «Инклюзивті білім беру саласын жетілдіруге арналған 2015-2020 жылдарға арналған шаралар жиынтығы»; «Бала құқықтары жөніндегі» және «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік әрі медициналық-педагогикалық көмек көрсету туралы» заңдар, сондай-ақ «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс [5, 18 б.].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту үшін 2015-2020 жылдарға арналған арнайы жоспар қабылданған. Осы жоспарға сәйкес 2020 жылға дейін:

- жалпы білім беретін мектептердің 70%-ында инклюзивті оқытуға жағдай жасау;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың 20%-ына кедергісіз кіріп-шығуға мүмкіндік беру;
- ерекше қажеттілігі бар балалардың жартысын инклюзивті біліммен қамту

жоспарланған. «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» құжатында көрсетілгендей:

- 2014 жылы елімізде 138 513, 2015 жылы 141 952 мүмкіндігі шектеулі бала болған.

Олардың ішінде:

- 2 877 жасөспірім - колледж студенттері (шамамен 3%),
- 84 120 - мектеп жасындағы балалар,
- 41 805 - мектепке дейінгі бүлдіршіндер. құрайды [5, 11 б.].

Инклюзивті білім беруді сабақта ұйымдастыруға келетін болсақ, ол әр баланың мүмкіндігіне қарай білім алуына жағдай жасау. Ол үшін мұғалім оқыту әдістерін, тапсырмаларды, материалдарды оқушының қажеттілігіне бейімдеп, қолдау көрсетеді. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушының сыныпқа тез үйреніп, жақсы оқуы үшін оқу материалдарын өзгерту және ыңғайлау қажет. Қазіргі сабақтарда оқу мен жазу көп жаттығуды талап етеді. Сондықтан қабылдауы қиын материалдарды қолданбаған дұрыс. Мысалы: кейбір балалар үшін шрифтті үлкейту керек; басқа балалар үшін жол аралығын кеңейту керек; кейбіріне мүлде басқа, оңай оқылатын шрифт қажет. Осындай өзгерістер оқу процесін жеңілдетіп, оқушыға материалды тез түсінуге көмектеседі. Соңымен қатар бала көп күш жұмсамайды.

Инклюзивті білім беруді тарих сабағында ұйымдастыру ерекше маңызға ие, себебі тарихи білім балалардың дүниетанымын қалыптастыруда, толеранттылық және дағдыларды дамытуда шешуші рөл атқарады. Тарих пәнінің мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері инклюзивті оқыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Мысалы, тарихи дереккөздермен жұмыс істеу арқылы сыни ойлауды дамыту, ауызша дәстүр мен отбасылық тарихты зерттеу барысында жеке тәжірибені қосу, роль ойындары мен драматизация көмегімен эмпатияны дамыту, визуалды материалдар мен мультимедиа құралдарын қолдану. Практика жүзінде, 6 сынып оқушыларына “Ежелгі Қазақстан” тақырыбы бойынша сабақ жүргізу барысында көру мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін: археологиялық жәдігерлердің дыбыстық сипаттамасы, материалдық дәлелдемелердің сезімтал моделдерін қолдану. Сонымен қатар Брайль тетікшесі - көру қабілеті бұзылған балаларға мәтінді саусақпен сезіп оқуына мүмкіндік беретін арнайы құрал. Оны да тарих сабағында қолдана аламыз. Яғни, ол арқылы оқушылар тарихи оқиғалар туралы мәтіндерді түсініп, еркін оқи алады. Мысалы, деректер, өмірбаяндар, хронологиялық ақпарат.

Зияткерлік дамуы баяу балалар үшін тарих сабағын: қарапайым тілмен түсіндіру, кеңейтілген уақыт беру, қосымша көмек көрсету. Ал есту мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін: визуалды материалдар, схемалар, тарихи карталар.

Инклюзивті білім беруді сабақта ұйымдастыруда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана аламыз. Мысалы, дифференциация әдісі - әр оқушының қабілеті мен қажеттілігін ескере отырып, сабақ жүргізу. Сонымен қатар, мазмұнды өзгерту - кейбір оқушыларға материалды жеңілдетіп беру, ал басқаларына қиындата беру; сабақ жүргізу тәсілін өзгерту - бір топқа әңгімелеп түсіндіру, бір топқа суретпен көрсету, кейде топтық жұмыс ұйымдастыру; нәтижені көрсету жолын өзгерту - тапсырманы әркім өзіне ыңғайлы түрде орындай алады: жазып шығу, сурет салу, презентация жасау немесе ойын арқылы көрсету. Екіншісі, кооперативті оқыту - оқушылар топ болып бірге жұмыс істейді. Бұл әдісте оқушылар бірге жұмыс істеп, әлеуметтік дағдыларын дамытады, бір-біріне көмектесуді үйреніп, жауапкершілікті сезінеді. Бұл әдістер әр оқушыға өз мүмкіндігіне сай сабаққа қатысуға мүмкіндік береді және олардың бір-бірімен жұмыс жасауын, өз ойларын жеткізуін дамытады.

Ойын технологиялары - ол инклюзивті сыныпта оқу процесін ұйымдастыруда үлкен мүмкіндік береді. Мысалы, сабақты ойын түрінде жоспарлаған кезде мұғалімге келесі нәрселерді ескеру қажет: әр оқушыға оның қызығушылығы, мүмкіндігі және жеке табысты болу шегі ескеріліп, рөлдер алдын-ала анықталуы; ойын сюжеті мен қатысушылар арасындағы қарым-қатынастың мүмкін болатын дамуын, әр баланың жеке ерекшеліктерін болжамдау; ойынға дайындық және ойын барысында

әр балаға жеке көмек көрсету жоспарын құру. Ойын технологиялары оқу процесін белсендіруге және материалды меңгеруге көмектеседі. Оларды сабақтың әр түрлі кезеңінде қолдануға болады: кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу немесе бақылау.

Сайыс ойынын тарих сабағында ұйымдастыра аламыз. Оқушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа рөлдер беруге болады, мысалы: мәлімет іздеу, бөлшектерді жинау немесе тапсырманы айту. Тапсырмалар сабақ тақырыбына сәйкес болады, мысалы тарихи оқиғалар, тұлғалар немесе картаның бөліктері. Топтар дұрыс жауап берген сайын бөлшектер беріледі және олардан толық картинаны жинау керек. Мұғалім әр топқа көмек көрсете алады, бірақ көмектесу саны алдын ала шектеледі. Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға мәтіндер мен тапсырмаларды жеңілдетілген формада беру, көрнекіліктер, суреттер, схемалар, аудио немесе бейнематериалдар қолдану ұсынылады. Жеңімпаз - бөлшектерді толық жинаған және тапсырманы ең тез орындаған топ болады. Бұл әдіс балалардың белсенді қатысуын, ынтымақтастығын арттырып, тақырыпты жақсы меңгеруіне мүмкіндік береді. Ойын әдістерін сабақта қолдану балаларға оқу үшін жағымды орта жасайды. Олар әсіресе назары ауытқып, өте белсенді болатын балаларға (зейін жеткіліксіздік және гиперактивтілік синдромы) тиімді. Ғалымдар Т.Ю. Хотылева мен Т.В. Ахутина атап көрсеткендей, ЗЖГС балалар - ең көп топ және оларға арнайы көмек қажет. Мұндай балалар дамыған елдерде 7,5-15% құрайды [6, 13 б.]. Егер оларға дұрыс қолдау көрсетілсе, олар инклюзивті мектепте жақсы оқып, оңай бейімделе алады. Театралданған ойындар оларға сабақ материалын меңгеруге көмектесетін тиімді әдіс болып табылады.

Жоба әдісі - оқушылардың белсенділігін арттырып, өз бетімен ізденуіне мүмкіндік беретін әдіс. Инклюзивті оқытуда ол ерекше тиімді, өйткені әр оқушы өз мүмкіндігіне қарай қатыса алады, бір-бірімен ынтымақтасып, шығармашылық қабілетін дамытады. Мысалы: «Менің отбасымның тарихы» жобасы. Бұл әдісте - оқушылар өз отбасының тарихын зерттеп, маңызды оқиғаларды анықтайды, фотосуреттер немесе суреттер жинайды. Бұл балаға өз өмірінен мысал келтіріп, тарихты өз тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл әдісте ерекше қажеттіліктері бар балалар да өз үлесін қосып, тапсырманы орындауға қатысады, бұл олардың сабаққа белсенді араласуына көмектеседі. Жобалар оқушыларға өз тәжірибесін, қызығушылығын және шығармашылық қабілетін қолдануға мүмкіндік береді, бұл инклюзивті сыныптағы оқыту принциптеріне сәйкес келеді: теңдік, қолжетімділік және әр оқушының жеке дамуын қолдау.

Келесі әдіс-тәсіл, ол тарих сабағында интерактивті әдістерді қолдану. Ол оқушыларды белсенді қатыстыруға және өз ойларын айтуға үйретеді. Инклюзивті сыныпта бұл әдістер маңызды, себебі әр баланың мүмкіндігі әртүрлі, ал интерактивті тәсілдер оларға бәріне теңдей қатысуға мүмкіндік береді. Мысалы, тарихи дебаттар кезінде оқушылар тарихи тұлғалардың рөлін ойнап, пікір таластырады, бұл олардың ойлау, сөйлеу және бір-бірімен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Уақыт машинасы әдісі арқылы балалар белгілі бір тарихи кезеңді елестетіп, сол дәуірді түсінуге, қиялдауға үйренеді. Ерекше қажеттілігі бар балаларға бұл әдісті визуалды немесе аудио материалдар арқылы жеңілдетіп көрсетуге болады. Яғни, осындай әдіс-тәсілдер арқылы сабақта инклюзивті білім беруді ұйымдастыра аламыз.

Инклюзивті білім беру барлық оқушылардың теңдей білім алуына жағдай жасайды, олардың қабілеті мен мүмкіндігін ескереді, әлеуметтік және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Инклюзивті білім берудің дамуы елімізге көптеген өзгерістер әкеледі. М.Оспанбаеваның “Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі” атты еңбегінде: “инклюзивті тәжірибені дамыту нәтижесінде Қазақстан қоғамында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру - болашақта күтілетін маңызды нәтиже болып саналады. Қамқорлық, мейірімділік, ізгілік сияқты қасиеттермен қатар, адамдардың бір-бірін бағалауы, әр адамға құрмет пен сыйластық көрсету - қоғамдық сана мен рухани жаңғырудың негізгі тірегі болып табылады” [5, 14 б.].

Инклюзивті білім беруді сабақтарда ұйымдастыру барысында, әсіресе тарих пәнінде, интерактивті әдістер, ойындар мен жобалық жұмыстар арқылы оқушылар белсенді қатысады, өз ойын еркін білдіреді, сыни ойлау және зерттеу дағдыларын дамытады. Мұндай сабақтар ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін де қолжетімді болып, олардың оқуға қызығушылығын арттырады, өзара ынтымақтастыққа және сабаққа толықтай тартылуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде инклюзивті сабақтар оқушылардың білім сапасын жоғарылатып, қоғамға бейімделуін қолдайды. Оған қоса инклюзивті сабақтар балалардың эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытады. Олар басқа оқушыларды тыңдауды, бірге жұмыс жасауды, пікір алмасуды үйренеді. Ерекше қажеттіліктері бар оқушылар өз мүмкіндіктерін байқайды және өзін сенімді сезінеді, ал басқа оқушылар әртүрлілікті қабылдап, қамқорлық көрсетуді үйренеді. Осылайша, инклюзивті білім беру тек академиялық нәтижелерді жақсартып қана қоймай, балалардың моральдық, этикалық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға да ықпал етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://www.un.org/ru/120921> Образование для всех
- 2 <https://rosopeka.ru/articles/2913/86452/> Саламанкская декларация и документы ООН и ЮНЕСКО
- 3 Лиходедова Л.Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. - Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021. - 194 б.
- 4 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034902> «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» Заң.
- 5 Оспанбаева М. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 232 б.
- 6 Кожанова Е.И., Андреева Н.В. Педагогические технологии инклюзивного образования. - Тверь, 2023. - 26 б.

## ШАМАНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ: ТҮРЛІ ХАЛЫҚТАРДАҒЫ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Жұманазаров Ә.Н.

Ғылыми жетекші т.ғ.к. Қожақметова Г.К.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
[na.aliaskar@mail.ru](mailto:na.aliaskar@mail.ru)  
Астана қ.

Көшпелі қоғамдағы рухани дүние ғасырлар бойы сақталған әдет-ғұрыптар және наным-сенімдер мен қоғамдық қатынастарды реттеп, адамдардың дүниетанымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарғаны белгілі. Дәстүрлі қоғамда жазба мәдениеті тарамағандықтан рухани тәжірибе - ұжымдық тәрбие мен әлеуметтік бақылаудың негізгі тетігі болды. Сол тәжірибенің ішіндегі ең күрделісі әрі көпқырлысы - шаманизм.

Олар этникалық мінез-құлық нормаларын сақтауға септігін тигізіп, қоғамдағы адалдық, ашықтық, табандылық сияқты қасиеттердің қалыптасуына негіз болды. Сол дәстүрлер болмаса, халықтың өмір сүруі мүмкін болмас еді. Ежелгі дәуірлерден бері сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілген бұл тәжірибе әлемдік өркениетке жан-жақты ықпал ете алды.

Шаманизм адамзат тарихында ең көне әрі жұмбақ діни бағыттардың бірі болып саналады. Алайда, оны тек дін деп қарастыру қате болар еді: шаманизм - бұл тек рухтарға сенім емес, сонымен қатар мәдени дәстүр мен таным жүйесінің бір бөлігі.

«Шаман» сөзі тунгус-маньчжур тілінен шыққан. Ал кейбір деректерде шаманизм атауының шығу төркінін ғалымдар үнділік діни-танымдық дәстүрлермен байланыстырады. Мәселен, «шаман» сөзін «шраман», ал «бақсы» сөзін «бахши», «бахти» тәрізді ұғымдармен сабақтастыратын пікірлер бар. Ал «камлану» терминінің түп негізін түркі халықтарының «қам» немесе «қам қылу» деген ұғымдарымен байланыстыратын көзқарас кең тараған. Сөздіктерде бұл атаудың «эвенкі тілінен енген, ерекше күйге түскен адам» деген мағына беретіні көрсетіледі. Шаманизм ең алдымен Сібір, Орал, Алтай аймағындағы халықтар арасында кең тарағанымен, ол Африка, Америка, Океания және басқа да өңірлердің дәстүрлі мәдениеттерінде де кездеседі [1, 175-176 бб].

Отандық ғылымда шаманизм дәстүрлі мәдениеттегі сиқыр мен ритуалды зерттеудің объектісі ретінде қарастырылады. Осы себепті оны кейде «әлемнің сиқыры» деп те атайды.

Мақаланың зерттеу мақсаты көптеген халықтардың шаманизм дінінің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін қарастырамыз.

Шаманизм дегеніміз - экстаздық күйге ерекше мән берілетін архаикалық магиялық-діни феномен. Шаманизм кең таралған құбылыс болып алғаш рет Сібір мен Орталық Азияда тіркелген, кейін Солтүстік Америка, Индонезия және Океанияда да кездескен. Сондай-ақ шаманизмнің Африка аймағында да кең таралғаны белгілі. Шаманизм магиямен тығыз байланысты болып, анимизм, фетишизм және тотемизм сияқты сенімдермен үйлеседі, ал оның негізін алғашқы қауымдық құрылыстар құрайды. Дегенмен, осы күрделі құбылыстың негізгі тұлғасы - шаман болып табылады. Сондықтан алдымен «шаман» ұғымын анықтап, кімнің және қалай шаман болатынын, сондай-ақ оның қоғамдағы рөлін түсіну маңызды [2, 256 б].

Шамандарды тек балгер немесе емші ретінде қарастыру кең тараған түсінік болғанымен, бұл көзқарас толықтай шындыққа сай емес. Шаман кей жағдайда діни жоралғы өткізуші де, емші де,